

## **Индер ауданының 1992 жылы туған азаматтарын 2009 жылы шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу туралы**

Атырау облысы Индер ауданы әкімінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы N 4 шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 10 ақпанда N 4-6-77 тіркелді.

1992 жылы туылған және бұрын есепке тіркелмеген ер азаматтарды шақыру пунктінде тіркеуді өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағы 13 тармақшасын басшылыққа ала отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге жататын азаматтарды шақыру пунктінде тіркеуді сапалы өткізу үшін құрылған аудандық комиссия құрамы бекітілсін (1 қосымша).

2. Поселкелік, ауылдық және селолық округтердің әкімдеріне ауданның барлық елді мекендерінде тұратын 1992 жылы туылған және бұрын есепке тіркелмеген ер азаматтарды аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру пунктінде тіркелуін қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Аудандық емхананың бас дәрігеріне (Анар Доспаева) қорғаныс істері жөніндегі бөлімге тіркеуге шақырылғандардың денсаулығын дәрігерлік тексеруден өткізу, негізгі және қосалқы құрамда дәрігерлік комиссия құру (2 қосымша), оны қажетті маман медбикелермен толықтыру ұсынылсын (келісім бойынша).

4. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Қайрат Иманғалиев) тіркеуге шақырылғандармен сапалы жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету үшін тіркеу уақытында ақылы қоғамдық жұмыс есебінен техникалық қызметкерлер бөлу (2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында) тапсырылсын.

5. Аудандық ішкі істер бөліміне (Бауыржан Қапаров) тіркеуді өткізу уақытында шақыру пунктіне келмеген азаматтарды шұғыл іздестіру және қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізу, сондай-ақ азаматтардың тіркеуден жалтару әрекетін болдырмау мәселелері жөнінде бірлескен жұмыстар жүргізу ұсынылсын (келісім бойынша).

6. Аудандық білім беру бөліміне (Бағытжан Мусағали) тіркеуге шақыру уақытында шақырылғандармен әскери-патриоттық шаралар, насихат жұмыстарын жүргізу және тіркеуден өту кестесі бойынша оқу орындарындағы азаматтардың тіркеуден толық өтуін қадағалау міндеттелсін (3 қосымша).





6	Б.Нсанбаев атындағы орта мектеп	16		X							
7	Абақанұлы атындағы орта мектеп	19			X						
8	Жамбыл атындағы орта мектеп	12				X					
9	Кулагино орта мектебі	9				X					
10	Гимназия	2				X					
11	Гребенщик орта мектебі	5									X
12	Сиранов атындағы орта мектеп	29					X				
13	Аққала орта мектебі	3					X				
14	Махамбет атындағы орта мектеп	9						X			

15	Бөдене орта мектебі	11						X			
16	Мөнкеұлы атындағы орта мектеп	3							X		
17	Кешкі орта мектеп	11					X				
	Барлығы	250									